

«№1 О.Есімов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі  
коммуналдық мемлекеттік мәжемесі»

«Есқітемін»

№1 О.Есімов атындағы жалпы орта білім  
беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік

мәжемесінің директорының м.у.а:



А.Тилеуова.

## «Соңғы қоңырау – 2023»

(Салтанатты жын)

Дайындағын директордың т әрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: Б.Бухарбаев  
А.Тилеуова

2022-2023 оку жылы:

**Мақсаты:** Мектеп бітіруші салтанатына арналған мерекелік шарада окушылардың туған еліне, Отанына, алтын ұя мектебіне, аяулы ұстаздарына деген сүйіспеншіліктерін арттыру мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мақсаты көзделеді.

### Фанфар

**3 мин**

#### **1.жүргізуши:**

Армысыздар, жиналған ата-ана, ұстаз,  
Той-жынысyz өмірдің мәні болмас.  
Арамыздан талпынып қанат қақты,  
Он бір жылда оң-солын таныған жас.

#### **2.жүргізуши:**

Алдында сан тарау жолдары тұр  
Бәрі ертенгі азамат болғалы тұр.  
Үлкен өмір есігін ашпақ міне,  
Келген қауым, қол соғып, қолда бүгін.

#### **1.жүргізуши;**

Мектеп – мол қазынасы бар,  
Баға жетпес білім байлығы мен сарқылмас нәр жинал беретін алтын ұя. Жарқын шақтарда елесі болар, ерке балалықтың куәсі болар алтын ұямында соңғы қоңырау кеші басталғалы тұр.

#### **2.жүргізуши:**

Ұшырдың көкірегінен жыр кептерін,  
Мерекен құтты болсын, түлектерім!  
Қол соғып шақырайық ортаға,  
Мектебіміздің бүгінгі түлектерін.

**11 «а» сынып окушыларын шақырамыз.** Сынып жетекшісі Медетова Ръяно апай, бастауыштағы сынып жетекшісі Хусanova Клара апайды ортаға шақырамыз!

**11 «ә» сынып окушыларын шақырамыз.** Сынып жетекшісі Арынова Анар апай, бастауыштағы сынып жетекшісі Орынбаева Ақерке апайды ортаға шақырамыз!

**11 «б» сынып окушыларын шақырамыз.** Сынып жетекшісі Досқараева Гүлзада апай, бастауыштағы сынып жетекшісі Есімханова Бақтығул, Тоғызбаева Гүлжамал апайды ортаға шақырамыз!

**3 мин**

#### **1.жүргізуши;**

Мектеп, түзел, тік тұр!

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туына қарап сап түзендер!  
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы алып шығылсын.

(Тұшылар тобы)

(11 сынып)

Құрметті ізбасарлар! Егеменді еліміздің Туын биік көтеріп, әрқашан алдыңғы қатарда сапалы білім, саналы тәрбие ауларыңа сенім білдіріп, Мемлекеттік туды сендерге тапсырамыз!

(10 сынып)

Мен Тұрсынбай Дінислам өзімнің сүйікті Отаным Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көзіміздің қарашығындай сақтап оқуды терең менгеріп, аманатты ақтаймыз, мектепті үздік бітіріп, әдеп-салтты сақтаймыз деп салтанатты түрде айт етемін.

**3 мин**

**2. жүргізуши:**

Естілгенде көк аспанның астында,  
Тік тұрындар айтылғанда әнұран.  
Бар қазақтың үніндей боп шарықта!  
Бір қазақ боп мен өзіңе бас ұрам.  
Шарықтаған әнұраным шарықта!  
Оны айтуға ел жастары жалықпа.  
Өздеріндей өрендерге сеніп тұр,  
Мынау тарих, келешек те, халық та.  
Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады.

**1 мин**

**1.жүргізуши:**

Шексіз-шетсіз қырысyz ұлы дала,  
Шуақ болып шомылмай жылына ма?  
Сүй Отанды шынымен сүйіп өт те,  
Гүл болып қадал, ойына да, қырына да.

**2. жүргізуши:**

Мерекелер мектептен басталады,  
Тез жетеді балаға жасқа бәрі.  
Заман сырын алдыменен аңгаратын,  
Мектеп- өмір айнасы, қас қабағы.

**1.жүргізуши:**

Санаулы күндер өткен соң,  
Аттестат қолға аларсың.  
11 жыл алған білімнің  
Кәусарын сонда татарсың.

**2. жүргізуши:**

Қазекем қонақ десе көсіледі  
Мұндайда жан түйіні шешіледі.  
Ақ тілеулі ырыс қой қонақ деген  
Өзімен ала келер несібесін-демекші бүгінгі салтанатты жиыннымыздың қадірлі қонақ (тары)

1.  
2.  
3. Ермеков Рахматулла - ата – аналар коимтетінің төрағасы.  
4.  
5.

2 мин

**1. жүргізуши:**

Ортада мектеп басшысы,

Сіздерге ақ жол арнасын.

Білімді болсын дейді ол.

Болашақ ұлан болғасын.

Ажырамай мектептен бір елі сіз,

Жақсылыққа жаралған жүргегіңіз.

Сөз берелік құрметпен өзінізге,

Шәкірттерге арналсын тілегіңіз, - дей отырып соңғы қонырау салтанатның

алғашқы құттықтау сөзі мектеп директорының міндетін уақытша атқарушы

Тилемеуова Ақмарал Даuletбековнаға беріледі.

3 мин

**2. жүргізуши:**

Шақырасың шат көнілдің алабы

Жат жүрекке ақ тілектер қонады.

Дархандай кең, біз қонақ жай халықпаз

Әрқашанда төрде отырар қонағы- дей отырып

Келесі құттықтау сөз кезегі:

1.  
2.  
3. Ермеков Рахматулла - ата – аналар коимтетінің төрағасы.  
4.  
5.

3 мин

**1. жүргізуши:**

Ән: Сіздердің құрметтерінізге мектебіміздің 11 «ә» сынып оқушылары Арапбай Бақзада, Абыхайым Аянат, Умирзак Балнұр, Ермек Салтанаттардың орындаудында «Тұлектердің қоштасу» әнін қабыл алыңыздар!

6 мин

**2. жүргізуши:**

Алда сіздерді жарқын болашақ құтіп тұр. Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта бар қалан деп – Ұлы Абай ақын айтқандай әр адам өз жолын таңдайды. Ертеңгі күні білім алғып еліміздің болашағы үшін еңбек етеді деген үлкен сенім білдіріп барлық жас тұлектерге осындай тілек айта отырып, мектебіміздің 2022-2023 оқу жылындағы «**Ұздік оқушыларды**» ортаға шақырамыз!

1. 11 «а» сынып оқушысы Әбілқасым Бақытжан
2. 11 «а» сынып оқушысы Жақсыбекова Айдана
3. 11 «а» сынып оқушысы Ілес Айнұр
4. 11 «а» сынып оқушысы Сатылған Ұлжан
5. 11 «а» сынып оқушысы Сапарбаева Дарига
6. 11 «ә» сынып оқушысы «Алтын белгі» иегері Арапбай Айдана
7. 11 «ә» сынып оқушысы Арынов Мейіржан

8. 11 «ә» сынып оқушысы Асилов Мақсат
9. 11 «ә» сынып оқушысы Керімбаев Таңшолпан
10. 11 «ә» сынып оқушысы Сейітжанқызы Ақерке
11. 11 «б» сынып оқушысы Букейхан Жұлдыз
12. 11 «б» сынып оқушысы Ілесбек Аяулым
13. 11 «б» сынып оқушысы Селтанова Жанерке
14. 9 «а» сынып оқушысы Жорабеков Мейрамбек
15. 9 «а» сынып оқушысы Алдияр Гулфайруз
16. 9 «а» сынып оқушысы Үрысбек Еркенүр
17. 9 «а» сынып оқушысы Батыр Аяулым
18. 9 «ә» сынып оқушысы Құдайберген Арайлым
19. 9 «ә» сынып оқушысы Қалтұрсын Нұргұл
20. 9 «ә» сынып оқушысы Ахметов Дамир
21. 9 «ә» сынып оқушысы Жұмаханов Алиасқар
22. 9 «ә» сынып оқушысы Есбатыр Еснүр
23. 9 «б» сынып оқушысы Егембердиева Әсемай
24. 9 «б» сынып оқушысы Оразхан Тоқжан
25. 9 «б» сынып оқушысы Исаева Ұлдана
26. 9 «в» сынып оқушысы Құрал Ерахмет
27. 9 «в» сынып оқушысы Абдуали Арман
28. 9 «в» сынып оқушысы Жолдасбек Айтжан
29. 9 «в» сынып оқушысы Ақылбек Ару

#### **4 мин**

##### **1. жүргізу什і:**

Үйретіп бізге алғаш әліппені,  
 Үстазым ғылымға жол салып берді.  
 Адамның ой – арманы, мақсаттары,  
 Оқудың сәулесімен жарық көрді.  
 Өмірге бір өзінмен жол бастадым,  
 Әріптерді бір өзінен жаттадым.  
 Үстаз ана естен кетпес мәңгілік,  
 Мейіріммен арқамыздан қаққанын.  
 Мектеп түлектеріне сәт сапар тілеп,  
 Өзінің ақ тілегін жолдау үшін түлектеріміздің алғашқы үстаздары Тоғызбаева  
 Гүлжамал, Хусanova Клара, Орынбаева Ақерке, Есімханова Бақтығүл, апайларды  
 құрметпен, қошеметпен ортаға шақырамыз.

#### **3 мин**

##### **2. жүргізуші:**

Алтын ұя мектебімді қимадым,  
 Сан ой келіп жер жаһанға симадым.  
 Шіркін, қайта жүрсем екен ұяда,  
 Үстаздардың арқасында білім нәрін жиганым.  
 Өздерінің жүрек жарды ақ тілектерін білдіру үшін бітіруші түлектеріміздің сынып  
 жетекшілері Медетова Рано, Арынова Анар, Досқараева Гүлзада құрметпен,  
 қошеметпен ортаға шақырамыз.

**2 мин**

Ән: 11 сынып оқушысыларының Ахметова Алтынай, Селтанова Жанерке, Адамбек Ақдана, Абылай Сабиналардың орындаудында «Алтын ұя мектебім»

**1. жүргізуши:**

Ұштым көкке жерден 10 жыл қыстаған  
Бәрі айқын қайда барап түс маған.  
Тарау жолдың тәуіріне түспекпін  
Ұстаздардың бағытымен нұсқаған.  
Сөз кезегі жас түлектерге, жүрек жарды ризашылығы мен қуаныштарын білдіруге

11 «А» сынып оқушысы Ілес Айнұр, 11 «Ә» сынып оқушысы Асилов Мақсат  
11 «Б» сынып оқушысы Букейхан Жұлдыздарды ортаға шақырамыз.

Ал енді, Бітіруші түлектерге 1-сынып оқушыларының сыйлықтарын табыс етуге рұқсат етініздер.

Бітіруші түлектер 1-сынып оқушыларына сыйлықтарын табыс етуге рұқсат етініздер

**3 мин**

**2. жүргізуши:**

Ал енді ортада мектеп бітіруші түлектеріміздің соңғы қоштасу вальсі.  
қабыл алыңыздар!

**5 мин**

**1. жүргізуши:**

Жас түлектең өмірлік құштары гүл  
Бағбан ұстаз баулыған құстары бұл.  
Қоштасып бүгінгі күн ұсынан  
Сол құстардың бір тобы ұшқалы тұр.

**2. жүргізуши:**

Санама құйып сұлулық  
Өрлеттің білім шынына  
Сыңғырла, соңғы қоңырау  
Жол нұсқап болашағыма.

**3 мин**

**1. жүргізуши:**

Мектеп қайта есігін ашпас енді,  
Өмір ұстаз, ақылды  
Басқаша енді, үйретер бар сабағын  
Қоңыраулар соғылар басқаша енді.  
Былтырығыдан басқаша биыл демек,  
Білімің мен ақылың, күйің бөлек,  
Енді басқа жиын той, киім керек  
Енді саған шынайы сүю керек.  
Сұрақ басқа оп – одай шешілмейді,  
Жаса қанша тентектік, есір мейлі  
Мектептегі мұғалім кешіргенмен,  
Өмір қатал бұл күнде кешірмейді.

**2. жүргізуші:**

Қоштасарда алтын ұя мектебім,  
Маңдайымнан сипап өтсе көкте күн.  
Сәт сапар деп қол бұлғаймыз бәріміз,  
Тілейік біз армандарға жеткенін.

**1. жүргізуші:**

Ұжым түзел, тік тұр!

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы алып кірілсін!

Ұжым еркін тұр!

**1 мин**

**2. жүргізуші:**

Құрметті қонақтар, ұстаздар, ата – аналар, шәкірттер! Осымен 2022 - 2023 оқу жылын аяқтауға арналған «Соңғы қоңырау - 2023» атты салтанатты жиыннымызды жабық деп жариялаймыз.

Кымбатты түлектер, жолдарың болсын, сәт сапар, ақ жол тілейміз.  
(Бірге)

Дайындағандар ДТІЖО:



Б.Бухарбаев

А.Тилеуова

# «Сонғы қоңырау»



